

"Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 2 наурыздағы № 180 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 3 наурызда № 22291 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 17 қазанда жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

01 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер" функционалдық тобында:

9 "Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер" функционалдық кіші тобында:

223 "Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

001 "Цифрландыру, инновациялар, аэроғарыш және электрондық өнеркәсіп, ақпараттандыру және байланыс саласындағы ақпараттық қауіпсіздік (киберқауіпсіздік), топографты-геодезия және картография саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 105 бюджеттік кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"105 "Байқоңыр" кешенінің жалға алынған мүлкін есепке алу";

373 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

061 "Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 005 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"005 Ішкі қарыздар есебінен";

03 "Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі" функционалдық тобында:

1 "Құқық қорғау қызметі" функционалдық кіші тобында:

201 "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

076 "Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 122 бюджеттік кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"122 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

04 "Білім беру" функционалдық тобында:

2 "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру" функционалдық кіші тобында:

373 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

069 "Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 005 және 032 бюджеттік кіші бағдарламаларымен толықтырылсын:

"005 Ішкі қарыздар есебінен

032 Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт есебінен";

4 "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 005, 011, 015, 032 және 045 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 046 бюджеттік бағдарламасымен 373 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"373 Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы

046 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау

005 Ішкі қарыздар есебінен

011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

032 Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт есебінен

045 Республикалық бюджеттен білім беру субвенциялары есебінен";

07 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық" функционалдық тобында:

2 "Коммуналдық шаруашылық" функционалдық кіші тобында:

813 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

018 "Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 032 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен";

028 "Коммуналдық шаруашылықты дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламаларымен толықтырылсын:

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

3 "Елді-мекендерді көркейту" функционалдық кіші тобында:

487 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

030 "Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 032 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен";

813 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

030 "Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 032 және 034 бюджеттік кіші бағдарламаларымен толықтырылсын:

"032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен

034 Облыстық бюджеттің ішкі көздерінің қаражатынан берілетін кредиттер есебінен";

035 "Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 032 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен";

12 "Көлік және коммуникация" функционалдық тобында:

9 "Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер" функционалдық кіші тобында:

485 "Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

116 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер" бюджеттік бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"116 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

Е. Жамаубаев